

**"Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы"
"Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы"**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 27 шілдедегі № 442 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
«Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К.Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мына жарлықтарына өзгерістер енгізілсін :

1) «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 маусымдағы № 645 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., № 22, 270-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағы туралы ережеде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. АЭА аумағындағы қызмет түрлері:

1) мыналарды :

сусындар шығаруды ;

темекі бұйымдарын өндіруді ;

жиһаздан басқа, ағаш және тығын бұйымдарын өндіруді ;

сабаннан және тоқуға арналған материалдардан жасалған бұйымдарды өндіруді ;

жазылған материалдарды басып шығаруды және тындатып-көрсетуді ;

машиналар мен жабдықтарды жөндеуді және орнатуды қоспағанда, өңдеуші

ө н е р к ә с і п ;

2) қойма шаруашылығы және қосалқы көлік қызметі ;

3) жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес инфрақұрылым объектілерін, әкімшілік және тұрғын-үй кешендерін салу және пайдалануға беру ;

4) жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес ауруханаларды, емханаларды, мектептерді , балабақшаларды, музейлерді, театрларды, жоғары және орта оқу орындарын,

кітапханаларды, оқушылар сарайларын, спорт кешендерін салу және пайдалануға беру;

5) жобалау-сметалық құжаттама шегінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін тікелей арналған объектілерді салу және пайдалануға беру болып табылады.»;

4 - тармақ алып тасталсын;

2) «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 26 сәуірдегі № 853 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2002 ж., № 10, 94-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағы туралы ережеде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. АЭА аумағындағы қызмет түрлері:

1) мыналарды:

тамақ өнімдерін өндіруді;

сусындар шығаруды;

темекі бұйымдарын өндіруді;

жиһаздан басқа, ағаш және тығын бұйымдарын өндіруді;

сабаннан және тоқуға арналған материалдардан жасалған бұйымдарды өндіруді;

жазылған материалдарды басып шығаруды және тыңдатып-көрсетуді;

машиналар мен жабдықтарды жөндеуді және орнатуды қоспағанда, өңдеуші

ө н е р к ә с і п ;

2) қойма шаруашылығы және қосалқы көлік қызметі;

3) жобалау-сметалық құжаттама шегінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін тікелей арналған объектілерді салу және пайдалануға беру болып табылады.»;

3) «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 18 тамыздағы № 1166 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2003 ж., № 33, 322-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағы туралы ережеде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. АЭА аумағындағы қызмет түрлері:

1) мыналарды:

тамақ өнімдерін өндіруді;

сусындар шығаруды;

темекі бұйымдарын өндіруді;

тоқыма бұйымдарын өндіруді;

киім шығаруды;

жиһаздан басқа, ағаш және тығын бұйымдарын өндіруді;

сабаннан және тоқуға арналған материалдардан жасалған бұйымдарды өндіруді;
химия өнеркәсібі өнімдерін өндіруді;
металлургия өнеркәсібін;
жиһаз шығаруды;
автокөлік құралдарын шығаруды;
машиналар мен жабдықтарды жөндеуді және орнатуды қоспағанда, өңдеуші
өнеркәсіп;

2) ақпарат және байланыс;
3) кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет;
4) жобалау-сметалық құжаттама шегінде осы тармақтың 1), 2),
3) тармақшаларында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін тікелей арналған
объектілерді салу және пайдалануға беру болып табылады.»;
5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және инновациялық
технологиялар саласындағы АЭА қатысушылары үшін АЭА-ның аумағында қызметті
жүзеге асыру талабы қызметтің мына түрлері:

1) бағдарламалық қамтамасыз ету, ақпараттық технологиялардың дерекқорларын
және аппараттық құралдарын жобалау, әзірлеу, енгізу, тәжірибелік өндіру және өндіру,
сондай-ақ дата-орталықтардың қызмет көрсетулері, онлайн-қызмет көрсетулер;

2) ақпараттық технологиялар саласында жобаларды жасау мен енгізу жөніндегі
ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу үшін 2018
жылғы 1 қаңтарға дейін міндетті болып табылмайды.»;

4) «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» Қазақстан
Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 шілдедегі № 1605 Жарлығында (Қазақстан
Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 28, 344-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағы
т у р а л ы е р е ж е д е :

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«4. АЭА аумағындағы қызмет түрлері:
1) мыналарды:
тамақ өнімдерін өндіруді;
сусындар шығаруды;
темекі бұйымдарын өндіруді;
жиһаздан басқа, ағаш және тығын бұйымдарын өндіруді;
сабаннан және тоқуға арналған материалдардан жасалған бұйымдарды өндіруді;
жазылған материалдарды басып шығаруды және тыңдатып-көрсетуді;
жиһаз шығаруды;
машиналар мен жабдықтарды жөндеуді және орнатуды қоспағанда, өңдеуші
өнеркәсіп;

2) жобалау-сметалық құжаттама шегінде осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін тікелей арналған объектілерді салу және пайдалануға беру болып табылады.»;

5) «Ұлттық индустриялық мұнай-химия паркі» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 19 желтоқсандағы № 495 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 47, 560-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген «Ұлттық индустриялық мұнай-химия паркі» арнайы экономикалық аймағы туралы ережеде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. АЭА аумағындағы қызмет түрлері:

1) мыналарды:

тамақ өнімдерін өндіруді;

сусындар шығаруды;

темекі бұйымдарын өндіруді;

жиһаздан басқа, ағаш және тығын бұйымдарын өндіруді;

сабаннан және тоқуға арналған материалдардан жасалған бұйымдарды өндіруді;

жазылған материалдарды басып шығаруды және тыңдатып-көрсетуді;

жиһаз шығаруды;

машиналар мен жабдықтарды жөндеуді және орнатуды қоспағанда, өңдеуші өнеркәсіп;

2) жобалау-сметалық құжаттама шегінде осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін тікелей арналған объектілерді салу және пайдалануға беру;

3) жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес инфрақұрылым объектілерін салу және пайдалануға беру болып табылады.»;

б) «Бурабай» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 15 қаңтардағы № 512 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 2, 21-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген «Бурабай» арнайы экономикалық аймағы туралы ережеде:

4-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. АЭА аумағындағы қызмет түрлері мыналар болып табылады:»;

7) «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 24 қарашадағы № 181 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 2, 17-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағы туралы ережеде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. АЭА аумағындағы қызмет түрлері:

1) мыналарды :
тамақ өнімдерін өндіруді;
сусындар шығаруды;
темекі бұйымдарын өндіруді;
жиһаздан басқа, ағаш және тығын бұйымдарын өндіруді;
сабаннан және тоқуға арналған материалдардан жасалған бұйымдарды өндіруді;
жазылған материалдарды басып шығаруды және тыңдатып-көрсетуді;
жиһаз шығаруды ;
машиналар мен жабдықтарды жөндеуді және орнатуды қоспағанда, өңдеуші
өнеркәсіп ;

2) жобалау-сметалық құжаттама шегінде осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін тікелей арналған объектілерді салу және пайдалануға беру болып табылады.»;

8) «Павлодар» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 қарашадағы № 186 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2012 ж., № 3, 47-құжат): жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген «Павлодар» арнайы экономикалық аймағы туралы ережеде :

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«4. АЭА аумағындағы қызмет түрлері:
1) мыналарды :
тамақ өнімдерін өндіруді;
сусындар шығаруды ;
темекі бұйымдарын өндіруді;
жиһаздан басқа, ағаш және тығын бұйымдарын өндіруді;
сабаннан және тоқуға арналған материалдардан жасалған бұйымдарды өндіруді;
жазылған материалдарды басып шығаруды және тыңдатып-көрсетуді;
жиһаз шығаруды ;
машиналар мен жабдықтарды жөндеуді және орнатуды қоспағанда, өңдеуші
өнеркәсіп ;

2) жобалау-сметалық құжаттама шегінде осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін тікелей арналған объектілерді салу және пайдалануға беру болып табылады.»;

9) «Қорғас-Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 қарашадағы № 187 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2012 ж., № 4, 74-құжат): жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген «Қорғас-Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы туралы ережеде :

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. АЭА аумағындағы қызмет түрлері:
1) мыналарды:
сусындар шығаруды;
темекі бұйымдарын өндіруді;
жиһаздан басқа, ағаш және тығын бұйымдарын өндіруді;
сабаннан және тоқуға арналған материалдардан жасалған бұйымдарды өндіруді;
жазылған материалдарды басып шығаруды және тыңдатып-көрсетуді;
жиһаз шығаруды;
машиналар мен жабдықтарды жөндеуді және орнатуды қоспағанда, өңдеуші
өнеркәсіп;

2) қойма шаруашылығы және қосалқы көлік қызметі;

3) жобалау-сметалық құжаттама шегінде осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін тікелей арналған объектілерді салу және пайдалануға беру;

4) жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес көрмелер ұйымдастыруға арналған ғимараттарды, музейлерді, қойма және әкімшілік ғимараттарды салу болып табылады.»

10) «Тараз химиялық паркі» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 13 қарашадағы № 426 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген «Тараз химиялық паркі» арнайы экономикалық аймағы туралы ережеде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. АЭА аумағындағы қызмет түрлері:
1) мыналарды:
тамақ өнімдерін өндіруді;
сусындар шығаруды;
темекі бұйымдарын өндіруді;
жиһаздан басқа, ағаш және тығын бұйымдарын өндіруді;
сабаннан және тоқуға арналған материалдардан жасалған бұйымдарды өндіруді;
жазылған материалдарды басып шығаруды және тыңдатып-көрсетуді;
жиһаз шығаруды;
машиналар мен жабдықтарды жөндеуді және орнатуды қоспағанда, өңдеуші
өнеркәсіп;

2) жобалау-сметалық құжаттама шегінде осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін тікелей арналған объектілерді салу және пайдалануға беру болып табылады.»;

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Президенті

*Қазақстан Республикасының
Н.Назарбаев*

Астана, Ақорда, 2016 жылғы

№

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК